

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы негізdemelіk келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 тамыздағы № 664 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕДЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы негізdemelіk келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы негізdemelіk келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

27

тамыздады

№

664

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы негізdemelіk келісім

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі

екі мемлекеттің басшылары арасында қол жеткізілген индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы уағдаластықтардың маңыздылығын мойындағы отырып;

екі мемлекеттің дамуын ынталандыру үшін индустріяландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңызды мәнін ескере отырып;

екіжақты инвестициялық ынтымақтастықта қол жеткізілген жоғары бағалы нәтижелерді негізге ала отырып, сондай-ақ ынтымақтастықты одан әрі дамытудың перспективалары мен өзара ниетті терең ұғына отырып;

Қазақстан мен Қытай арасында инвестицияларды және сауданы үйлесімді дамытуды ілгерілету, Қазақстан мен Қытайдың қатысуымен экспортқа бағдарланған өнім шығару бойынша бірлескен өндірістер құру және олардың өнімін халықаралық нарыққа шығару мақсатында;

Тараптар достық консультациялар арқылы төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Екіжақты ынтымақтастық тепе-тендік және өзара пайда, экономикалық тиімділік және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес индустриялық және инвестициялық ынтымақтастық аясында жобаларды қолдау қағидаттарына негізделеді.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына, оның ішінде экологиялық талаптарына сәйкес мұнадай:

1) құрылым материалдарының, оның ішінде цемент, табақ шыны және басқалардың өндірісі;

2) болат құю өнеркәсібі, металургияның басқа салаларында;

3) түсті металлургия;

4) мұнай және газ өндеу;

5) химия өнеркәсібі;

6) машина жасау;

7) электр энергетикасы;

8) автомобиль жолдары мен теміржолдарды және әуе көліктерінің инфраструктурын салу;

9) жеңіл өнеркәсіп, жұн өндірісі және басқалар;

10) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеу;

11) көлік логистикасы;

12) туризм;

13) тамак өнеркәсібі;

14) халық тұтынатын тауарлар өндіру салаларында;

15) Тараптардың көлісі бойынша кез келген баска да салаларда заманауи және қолданбалы технологияларды пайдалана отырып, индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары тиісті инвестициялық жобаларды ұлттық заңнама нормаларына және жоба орналасқан мемлекеттің ресімдеріне сәйкес іске асыратын болады.

3-бап

Тараптар осы Негізdemelіk келісімнің орындалуына жаупты индустрияландыру және инвестициялар саласындағы Ынтымақтастық жөніндегі үйлестіру комитетін (бұдан әрі – Комитет) құрады.

Комитеттің тәң төрағалар басқарады:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі;

Қытай тарапынан – Қытай Халық Республикасының Даму және реформа жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы.

Комитет құрамына қажет болған кезде Тараптар мемлекеттерінің басқа да мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдері кіруі мүмкін.

Әрбір Тараптан Комитеттің дербес құрамын Тараптар өздері жеке қалыптастырады және басқа Тарапқа ұсынады.

4-бап

К о м и т е т :

1) индустрияландыру және инвестициялар саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындауы;

2) жоғарыда аталған ынтымақтастық салаларында іске асыру әдістерін және одан әрі қадамдарды, оның ішінде индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты ынталандыру бойынша ұсыныстарды зерделеу және ұсыну әдістерін өзара келісу бойынша қалыптастыруы;

3) осы Негізdemelіk келісім аясында жүзеге асырылатын қызмет қорытындыларын қаралуы;

4) индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастық бойынша ірі жобаларға бастамашы болуы және қолдауы;

5) жобаларды іске асыру үшін екі елдің кәсіпорындарын қаржыландыру мәселесінде өз қаржы институттарына жәрдем көрсетуі және қолдауы;

6) осы Негізdemelіk келісім аясында индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастық бойынша отырыстарды, форумдарды, семинарларды, жобалардың таныстыруларын және басқа да іс-шараларды өткізуі;

7) осы Негізdemelіk келісім аясында іске асырылатын бірлескен жобаларды іске асыру бойынша мониторинг жүргізуі мүмкін.

5-бап

Осы Негізdemелік келісім аясында Тараптар арасындағы байланыстар және жұмыстарды үйлестіру үшін Комитеттің мына хатшылықтары жауапты болып табылады:

Қазақстан тарапының хатшылығы – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті;

Қытай тарапының хатшылығы – Қытай Халық Республикасы Даму және реформа жөніндегі мемлекеттік комитеттің Шетелдік инвестицияларды пайдалану және шетелге инвестициялау департаменті.

Комитет хатшылықтарының міндеттері:

1) осы Негізdemелік келісім аясында индустрияландыру және инвестициялар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі отырыстарды, форумдарды, семинарларды, жобалардың таныстыруларын және басқа да іс-шараларды дайындау;

2) Комитет алға қойған міндеттерді іске асыру бойынша, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және бірлескен жоспарларына, сала перспективасына, жобалар жөніндегі ақпаратқа байланысты мәселелер бойынша байланыстарды орнату және ақпарат алмасу;

3) жобаларды ілгерілету бойынша өзара ұсыныстар туралы Комитетке хабарлау;

4) индустрияландыру және инвестициялар саласындағы жобаларды іске асыру процесінде туындастын мәселелерді уақтылы үйлестіру және шешу.

Комитет хатшылықтарының функциялары басқа органдарға берілген не Комитет хатшылықтарының ресми атаулары өзгерген жағдайда, Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бұл туралы бір-біріне уақтылы хабарлайды.

6-бап

Тараптар жоғары деңгейде өндөлген тізбелерді және перспективалы жобалар тізбесін өзірлеу мен жаңарту үшін – Комитет хатшылықтарына, сондай-ақ әріптестер іздестіруде, мониторинг жүргізуде кәсіпорындарға жәрдемдесу және жобалардың іске асырылу барысы туралы Комитет хатшылықтарына уақтылы хабарлау үшін жауапты етіп Қазақстан тарапынан «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ-ны және Қытай тарапынан Қытайдың шетелде индустріяны дамыту қауымдастырын айқындаиды.

Жобаларды іріктеу кезінде әріптестердің болуы және олардың қатысу нысаны, қаржыландыру дайындығының дәрежесі, жобаларды іске асыру кестесі және жергілікті қамтудың болуы ескеріледі.

7-бап

Тараптар жобаларды іске асыру бойынша ынтымақтастық аясында визаларды ресімдеу мәселесі бойынша өзара іс-қимыл жасау кезінде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес бір-біріне қажетті жәрдем көрсетеді.

8-бап

Тараптар, егер өзгеше жеке келісілмеген болса, осы Негізdemelіk келісім аясында ынтымақтастықты жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өздері көтереді.

9-бап

Осы Негізdemelіk келісімді түсіндіру не орындау барысында туындаған кез келген келіспеушіліктер бірлесken консультациялар арқылы шешіледі.

Осы Негізdemelіk келісім Тараптар мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттар шенберінде қандай да бір ережелерді немесе уағдаластықтарды қозғамайды.

10-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Негізdemelіk келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

11-бап

Осы Негізdemelіk келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2015 жылғы _____ әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

Осы Негізdemelіk келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін